

# Логопедия, Діни көзқарастар мен пікірлер

Орындаған: Умирбаева А.М ДФ-21  
Қабылдаған: Жүсіпбекова З.Д

- Жоспар:
- 1) Логопедия туралы
- 2) Тіл мүкістіктерінің түрлері
- 3) Ертедегі діни көзқарастар

● **Логопедия** қажетті мәліметтерді алу үшін өзіне жақын көршілес өзінің практикалық және теориялық ғылымдарымен зерттеу жұмыстарын тығыз байланыс жасайды. Логопедия тілдің механизмдерін ми құрылысындағы тілдің даму процесін, анализаторлардың құрылыстарын және олардың атқаратын жұмыстарын қарастырған кезде сөйлеу тілі қызметінің барысына тікелей қатысып ат салысатын жалпы анатомия мен физиологияның және нейрофизиологияның ілімдерін пайдаланады. **Логопедия** құлақтың, мұрынның, жұтқыншақтың көмейдің ішкі құрылыстарымен олардың сөйлеу тілінде атқаратын қызметтерімен және олардың ауруларын тексеріп емдеудің және болдырмаудың жолдарын құрастырумен айналысатын оториноларингологиялық және жүйке жүйелері ауруларын емдеудің және болдырмаудың жолдарын қарастырумен айналысатын невропатолог және психикалық аурулардың патологиялық процестерінің пайда болу себептерінің заңдылығын, даму барысының механизмдерін тексеріп зерттеумен және емдеумен айналысатын психопатологиямен және клиникалық олигофрения педиатриямен, сонымен қатар лингвистикамен және психолингвистикамен тығыз байланысты.

● Тіл мүкістіктерінің түрлері негізінен **ауызекі** және **жазбаша** болып екі топқа бөлінеді. **Ауызекі** сөйлеу тілі мүкістіктеріне жататындар: Дисфания, Дислалия, Бразилалия, Глахилалия, Тұтықпа, Ринолалия – сөйлеу тілі мүшелерінің аппаратындағы анатомо-физиологиялық кеністіктердегі дауыстың әуелсіздігі мен дыбыстардың айтылуы бұзылады. Сөйлеу тілі мүкістіктері мен психикалық әрекеттердің басқа жақтарының байланыстарын анықтап, араларын ашып алудың нәтижесі бұзылған кемістіктердің пайда болуына әсерін тигізетін психикалық процестерге ықпал жасаудың жолын қарастыруға жәрдем береді. Сөйлеу тілінің мүкістіктерін тікелей түзетумен қатар оның әдеттегідей дұрыс жұмыс істеуіне жанамалап немесе туралап кедергі келтіретін психикалық даму ерекшеліктерінің қайсысына болса да ойдағыдай ықпал жасаудың қолайлы жағдайына мүмкіндік туады.

● **Ринолалия** дегеніміз сөйлеу тілі аппаратының анатомо-физиологиялық ақаулығының салдарынын дауыстың әуездігімен дыбыстың дұрыс айтылуының бұзылуы. Сөйлеу мүшелерінің бұзылуы мен дауыс әуезінің бұзылуы қатарласып сай келуі ринолалияны дислалия мен ринофаниядан ажыратуға мүмкіндік береді. Ринолалияда артикуляция, дыбыс шығару (фонация) дауыс пайда болу механизмдерінің мөлшерден ауытқуы байқалады, оның себебі ауыз жұтқыншақ пен мұрын резонаторының ара қатынастарының бұзылуынан болады. Адамның сөйлеу мүшелерінің жұмыс істеуі дұрыс болған жағдайда сөйлеу тіліндегі барлық дыбыстарды айтқан кезде таза мұрындық дыбыстардан басқалары мұрын жұтқыншақ пен мұрын қуысының жұтқыншақ ауыз қуыстарының аралары бөлініп тұрады.

- **Философиялық пайымдауға ақыл – ой бостандығы тән. Діни көзқарас** үстем болған ол жылдарда өздігінше еркін пайымдау жасауға тек тиісті білімі бар, ақыл – ойы жетік, рухани жағынан табанды адамдар ғана адамдар қабілетті болды. Ал адамдардың басым көпшілігінің дүниеге көзқарасы дін мен мешіт, шіркеу тағайындаған түсініктерден, адмгершілік мінез – құлық талаптарынан тыс шыға алмады. Тек білім мен мәдениет өскен , ғылыми прогресс іске асқан соңғы екі – үш ғасырда ғана философиялық көзқарас, зерттеулер кеңінен тарай бастады.
- Діни соқыр сенімге негізделген, жақсылық пен жамандықты құдайдан ғана күтетін ол дүние туралы көзқараспен салыстарғанда, философия бірінші орынға бұл дүниені және ондағы адамның орнын білім мен ақыл – ой тұрғысынан түсіндіретін теориялық көзқарасты ұсынды. Сөйтіп, нақты бақылауға, логикалық талдау мен жалпылауға, дәлелдеу арқылы тұжырымдауға негізделген философиялық ой – пікір қияли мифологиялық бейнелер мен шындықты бұрмалаушы діни жалған сенімдерді біндеп ығыстыра берді. Алуан түрлі күнделікті тәжірибеге негізделген дүниегекөзқарастық ой – пікірлер мен тұжырымдамалар ғасырлар бойы және бүгінгі таңда үлкен рөл атқарып келеді.

- Ертедегі гректің тағы бір материалисі Анаксимен (б. э. дейінгі 585-525 жж. шамасы) дүниеде бар нәрсенің бәрінің бастапқы біртұтас материалдық негізгі ауа деп санай отырып, өзінен бұрынғылардың материалистік көзқарасын ілгері дамытты.

Дүниенің бастапқы ауа болатын себебі, деді Анаксимен, ауаға тән қасиет – сұйылу мен қоюланудың арқасында балық заттар пайда болады. Ауа, Анаксименнің түсінігінше, сондай-ақ тіршілік пен психикалық құбылыстардың да көзі, бастамасы болып табылады.

- Грецияның басқа қалаларындағы философтарға зор әсерін тигізіп, өз ізбасарларын тапты. Солардың бірі Эфес қаласынан шыққан Гераклит (б. э. дейінгі 530-470 жж. шамасы) болды.

- Гераклиттің ілімі бойынша, дүниеде бар нәрселердің бәрінің материалдық негізі от болып саналады: барлық нәрсе оттан жаратылады және ақыр соңында отқа айналады. Жан да оттан пайда болады.



● Ертедегі Грецияда материализмнің одан әрі дамуы Демокриттің ( б. э. дейінгі V ғ.) есімімен, ол тұжырымдаған материяның атомдық теориясымен тығыз байланысты. Бұл теория бойынша, барлық дүниедегінің негізі – сансыз көп атомдарда. Атомистер дүниені әрі қарай бөлінбейтін бөлшектер – көзге көрінбейтін аса ұсақ атомдардан тұратын біртұтас дүние деп түсіндірді.

















